



“Мейірім төгетін ана”

6 “В” сынып оқушылары

Сынып жетекшісі: Касымқұлова Г. Т.

Асылбай

Балауса

МАҚСАТЫ: А) АНА ЖАЙЛЫ ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕР, ӨЛЕҢДЕР, МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ АНАҒА СҮЙІСПЕНШІЛІКПЕН ҚАРАУҒА, АНА МЕЙІРІМІН, МАХАББАТЫН, ЖАҚСЫЛЫҒЫН ТҮСІНДІРУ.

Ә) АНАНЫ СҮЮ АРҚЫЛЫ ЕЛІНЕ, ЖЕРІНЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН АРТТЫРУ.

Б) ОҚУШЫЛАРДЫ ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІККЕ, ТАТУЛЫҚ ПЕН ҰЖЫМДЫҚҚА, АНАНЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ.

САБАҚТЫҢ ТҮРІ:

КӨРНЕКІЛІГІ: ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТА, СУРЕТТЕР, ВИДЕО, АУДИО.






ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕР:



Ана - біздің гүліміз,
Анамын біз - гүліміз.
Ұландарды қуанып,
Ұзақ өмір сүрініз.
Ұрпақтарға бақыт жолын аңсаған,
Тілейтұғын сырттай жүріп бақ саған,
Тіришіліктің тынысы мен ажары,
Ана деген - теңдесі жоқ жақсы адам.

The image features a decorative background with pink roses and a gold border on the left side. The text is centered in a white box.


Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. «Ат биеден, алып анадан туады» дейді халқымыз. Дүниеде анасыз адам жоқ. Қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алып өскен. Ана - барлық өмірдің бастауы. Ол өз сәбиін мәпелеп өсіреді, жақсы болуын қалайды. Адам бойындағы барлық асыл қасиеттер күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Ана - ұлы адам, қасиетті жан. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді деген. Расымен, анасыз өмірді, әлемді елестету мүмкін емес. Әрбір жұмыр басты пенде бұл өмірге келгені үшін анасына қарыздар. Құдайдан кейінгі құдірет иесі - Ана. Сондықтан мына жарық дүниеге әкелген ана алдында бәріміз басымызды иеміз.

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР ШУМАҚТАРЫ:

? 1 топ:
Үш әріп, екі буын ана деген
Қысқа сөз, мағынасы терең
Адамды, жан - жануарды, мақұлықты
Бәрін дүниеге ана әкелген
Өсіріп ұрпақтарын тәрбиелеуді,
Табиғат өздеріне міндеттеген.

2 топ:
Ана - жүрек, жүректі күдіретте,
Ана - тірек, тіректі құрметте.
Ана - шыңың, шыңыңа сағынып жет,
Ана - күнің, күңіңе табынып өт.

3 топ:
Баласын қорғау үшін тайсалмайды,
Қаһарлы жауынан да қарсы келген
Солар ғой бұл фәниге өмір берген
Осылай аналарға баға бергем,
Не құрмет көрсетсе де ұрпақтары
Борышы ана алдында өтелмейді.



ДАНАЛАР АЙТҚАН ЕКЕН.



- 1) Дулат Бабатайұлы: «Ата - ананың ақылы - қарулы қара жолмен тең».
- 2) О. Бальзак: «Ана көрегендігінің теңдесі жоқ».
- 3) М. Горький: « Адамдар - әрқашанда өз аналарының перзенттері. Ана болмаса ақын да, батыр да болмайды».
- 4) Б. Г. Белинский: «Ана өз баласын жанымен де, қанымен де сүйеді».
- 5) В. А. Сухомлинский: «Ана затының ерлігі мен қажырлығы ер азаматқа бекзаттық, сұлулық, ақ ниеттілік, адалдық қасиеттерін беретіндігіне мен мың мәрте көз жеткіздім».





Ана туралы қанатты сөздер

*Анадан өнеге көрмеген қыз жаман,
Атадан тағылым алмаған ұл жаман (Қорқыт).*

*Ана көркі алдындағы баласы,
Қала көркі үйі, орман-ағашы. (Қорқыт).*

*Балапанды торғайлар өрт болмасын тілейді.
Балаларға аналар дерт қонбасын тілейді. Абай*

*Ана алдында құрмет,
Ата алдында қызмет.*

III. БЕЙНЕТАСПАДАН ӨЛЕҢДІ ТЫҢДАУ

- ? Мейрамбек Бесбаев – Анашым
- ? Жүректің жалынысың
- ? Мәңгілік сағынышым.
- ? Қарызым өтелер ме,
- ? Ұйқысыз таңың үшін?
- ? Аяулы, анашым.
- ? Қайырмасы:
- ? Аяулы айбыным,
- ? Арайлы ай-күнім
- ? Бақытым, байлығым Анашым...
- ? Өмірдің сынақтарын
- ? Әлдің құлақта әлі
- ? Қабыл ал арман әнін
- ? Балаңның жырақтағы
- ? Аяулы, анашым.
- ? Қайырмасы:





Ана туралы мақал-мәтелдер

*Ананың ойы ұяда,
Баланың ойы қияда.*

*Ананың сүйген жері
отқа күймейді, оқ та тимейді.*

*Ананың ізін қыз басар,
Атаның ізін ұл басар.*


*Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атыңа ауыр жүк артпа.*

*Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да
қарызынан құтыла алмайсың.*

Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды.

Анасыз өмір — сөнген көмір.

*Анасын көріп қызын ал,
Аяғын көріп асын іш.*



**Ақшашты ана: «Жастығым —
балам» дейді. Ақылды бала:
«Ай-күнім — анам» дейді.**





Әлем бесігін тербеткен
жан-Ана

